

Рыжик егумен ай-
налысу - өте тиімді
2-бет



Жастар
және уақыт
4-бет



Балалар әлемі
6-бет



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 02 (7886)
Жұма,
8 қаңтар 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

★ РЕСПУБЛИКАДА

НЕСИЕЛЕРДІҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ



«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша несиелеуді ашты. Жаңа бағдарлама бұрынғы моноқалаларды дамыту бойынша бағдарламаны алмастырады.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен несиелендіру талаптарына өзгерістер енгізілді. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында берілетін несиелер моноқалалар, шағын қалалар, ауылдық елді мекендерде жұмыс жасайтын кәсіпкерлердің бизнес-бастамаларын қолдауға бағытталады.

Қор Басқармасы төрағасының орынбасары Алмас Таубаевтың айтуынша, қарыздың максималды сомасы - 10 миллион теңгеге дейін, сыйақы үстемесі - 6%, жылдық тиімді сыйақы үстемесі - 6,7%. Шағын несиелер 4,5 жылға дейін мерзімге беріледі, соның ішінде негізгі борыш пен сыйақыны төлеу бойынша жеңілдетілген мерзім қарастырылған. Шағын несиелер өз ісін ұйымдастыру немесе кеңейтуге салалық шектеулерсіз беріледі.

Қарыз алушыға қойылатын негізгі талаптардың ішінде - салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешектің, екінші деңгейдегі банктер мен басқа да қаржы институттарының алдында мерзімі өткен берешектің болмауы, несиелеуге мүмкін несие тарихы, қарызды мақсатты пайдалануды бақылау үшін қажетті құжаттарды беру.

Сонымен қатар, өзгерістер шағын қаржы (шағын несие) ұйымдарын несиелеу бағдарламасына да енгізілді. Енді ШҚҰ (ШНҰ) үш бағыт бойынша (ауылда, моно-, шағын қалаларда әрі-қарай шағын несиелеу үшін; «Жұмыспен қамту - 2020 Жол картасы» бойынша несиелеу; көктемгі-дала және күзгі жиын-терім жұмыстарды қаржыландыру үшін) несиелендіруден басқа, «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша ауылды елді мекендерде, моно-, шағын қалаларда өз қызметін жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілерін әрі-қарай шағын несиелеуді жүргізеді.

Бұл бағдарлама бойынша да салалық шектеулер қойылмаған. ШҚҰ (ШНҰ) үшін берілетін қарыз сомасы - 10 миллионнан 350 миллион теңгеге дейін, түпкі қарыз алушылар үшін - 10 миллион теңгеден аспайды.

Алмас Таубаевтың мәліметі бойынша, моно- және шағын қалалар тізілімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 Қаулысымен бекітілген 2020 жылға дейін аумақтардың даму бағдарламасында көрсетілді. Ауылды елді мекендер - моно-, шағын қалаларға, сонымен қатар республикалық және облыстық маңызы бар қалаларға жатпайтын елді мекендер болып табылады.

Жалпы, бұл бағдарлама бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ бір жылдың ішінде 1 467 миллион теңге бағыттауды жоспарлап отыр.

Анықтама үшін: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы - «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін мамандандырылған қаржы-несиелік ұйымы болып табылады.

2007 жылдан бастап «ҚазАгро» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ құрамына кіреді. Қордың миссиясы - ауылдық кәсіпкерлікті дамыту, ауылды жерлерде тиімді шағын несиелеу жүйесін дамыту арқылы халықтың хал-ауқатын арттыру.

«Ауыл шаруашылығын
қаржылай қолдау қоры»
АҚ баспасөз қызметі.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстандықтар жылдық күнтізбенің тағы бір бетін ашты. 2015 жыл тарих қойнауына кетіп, 2016 жыл өз күшіне енді. Өткен жыл егеменді Қазақстан үшін көптеген жарқын оқиғалар мен тамаша жетістіктердің куәсі болды. Бұл жылы ұлы тарихи даталар - Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығы, Ұлы Жеңістің 70-жылдығы, ҚР Конституциясының 20-жылдығы, Қазақ хандығының 550-жылдығы бүкіл елімізде кеңінен атап өтілді.

Біздің ауданымызда да - еліміздің шағын бір аумағында, бұл айтулы оқиғалар өз жалғасын тауып, көптеген жарқын істердің бастамасы болды. Аудан басшылығының ұйтқы болуымен Ұлы Жеңістің 70-жылдығы құрметіне аудан орталығындағы орталық саябақ күрделі жөндеуден өткізілді. Аудан аумағында кеңінен атап өтілген Қазақ хандығының 550-жылдығы құрметіне Катонқарағай ауылында Қаратай батырға ескерткіш, ал Топқайың ауылында Қалихан Ысқақовтың бюсті орнатылды. Тәуелсіздік күніне орайластырылып Кеңес Одағы Батырларының, Даңқ орденінің толық кавалерлерінің және Социалистік Еңбек Ерлерінің Аллеясы ашылды.

Ауданның атқарушы және өкілетті органдары, өндірістің әртүрлі салаларының, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік сала еңбеккерлері өткен жылда өз іс-қызметтерінде оңды нәтижелерге қол жеткізіп, жасампаз еңбекпен аяқтады.

Аудан орталығында Дамитов атындағы жаңа мектеп, Алтынбелде дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді, Өрел ауылында дәрігерлік амбулатория, Жамбылда медпункт, Еңбекте ауылдық клуб және басқа да нысандар күрделі жөндеуден өткізілді.

Аудандық «Арай» - «Луч» газеті үшін 2015 жыл «Шығыс ақпарат» ЖШС облыстық Медиа-холдингінің құрамына енуімен есте қалды. Газет мәртебесіндегі бірқатар өзгерістерге қарамастан, оған оқырмандардың пікірлері бойынша әлі де оңды өзгерістер енгізіле түсуде. Баспасөз құралының дизайны мен сапасы жақсара түсуде. Тақырыптық мақалалар мен мақсатты беттер кеңейе түсуде.

Құрметті достар!

Газеттің осы нөмірінен бастап біздің мерзімдік басылымымыз аптаның жұма күндері ғана шығатын болады. Бірақ, газет көлемі бұрынғыдай - сегіз басылымдық бет. Осыған байланысты оқырмандардан өз материалдарын, хабарландыруларын, құттықтауларын, жарнамаларын және т.б. таяу арада шығатын нөмірге әр аптаның сәрсенбісіне дейін - газеттің кезекті нөмірі беттелетін күнге дейін ұсынуды өтініміз.

Редактор бағаны

Редакция ұжымы ұзақ жылдар бойы ауданның бұқаралық ақпарат құралын үзбей жаздырып отырған оқырмандарға шынайы ризашылығын жеткізеді. Аудан басшылығының қолдауының, «Қазпошта» АҚ-мен тығыз қарым-қатынастың, ауылдық округтер әкімдерінің,



мемлекеттік органдар, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының, сондай-ақ, зейнеткерлер мен ардагерлердің, шаруа қожалықтары басшылары мен мүшелерінің насихаттық және ұйымдастырушылық жұмыстарының арқасында газет таралымын тиісті деңгейде сақтап қалу мүмкіндігі туды.

Жаңажылдық жоспарда - ауданда, облыста, жалпы елімізде болып жатқан барлық әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси оқиғалар туралы мақалаларды жариялау. Әртүрлі санаттағы және әртүрлі жастағы адамдар, әлеуметтік, кәсіби топтар туралы мақалалар газет бетінде жарық көретін болады. «Президент Жолдауына орай», «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына», «Шағын және орта бизнес», «Мемлекеттік бағдарламалар», «Тарих толқынында», «Туризм», «Ауыл шаруашылығы», «Жастар және уақыт», «Балалар беті», «Табиғат және біз», «Фемида бюросы», «Криминалды хроника», «Мектеп өмірі», «Денсаулық» және басқа да көптеген айдарлар жылдың бас ты тақырыбы болмақ.

Сіздермен ынтымақтастықта болғанымыз үшін зор ризашылығымызды білдіреміз. Жаңа 2016 жылдарыңыз құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, сәттіліктер тілейміз!

Құрметпен, бас редактор
Жоларт Жақыпов.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНА ОРАЙ



«Боран» шаруа қожалығы өткен жылы алғаш рет осы өңір үшін жаңа дақыл – рыжикті еккен жалғыз шаруашылық болды.

Тиімді дақыл

-Заманауи талаптар біздерді, жер өңдеушілерді егін шаруашылығында жаңа дақылдарды егуге мәжбүрлеуде,- дейді шаруашылық басшысы Марат Қоңыров, комбайн жүріп өткен жерде жатқаға ілінбей қалған жаңа дақылдың масағын алақанында ұсақ, тарыға ұқсас, сопақтау, қызғылт сары түсті дөңдер қалды. -Міне, мынау біздің ауданда алғаш рет өсірілген рыжик. Әрине, біз бұл дақылды шаруашылықтағы егістік алқабының тең жартысына – 370 гектарға таяу жерге егіп, тәуекелге бел будық, дегенмен, еңбегіміз ақталды. Егістіктің әр гектарынан он центнерден өнім алдық. Енді бұл дақылды өңдеу мен өткізу мәселесін ойластырудамыз.

Рыжик ерте пісетін, майлы дақыл. Оның вегетациялық мерзімі небәрі 60-90 күнді құрайды. Бұл дақыл өзгелерден суыққа төзімділігімен ерекшеленеді. Тұқымы тіпті, Цельсий бойынша бір градус жылылықта да өне береді, ал өскіндері көктем айларында -12 градуска дейін суыққа төтеп береді. Яғни, ауданымыздың климат жағдайы рыжикті өсіруге қалайлы. Әсіресе, Құндызды ауылының маңындағы таулы жердегі «Боран» шаруа қожалығының егістік алқаптарында егуге болады, мұнда әдетте қар ерте түседі, сондықтан өнім қар астында қалуы да мүмкін.

-Біз рыжикті мамыр айының алғашқы күндерінде егіп, шілде айының соңында жинап алдық,- дейді Марат Құмарбекұлы. -Нәтижесінде, асықпай, емін-еркін сүдігер көтердік. Бұл алқаптарда қара бидай егуге де болар еді, бірақ, біз жерді бос қалдырдық. Суыққа төзімділік, вегетациялық кезеңнің қысқалығы – бұл дақылдың айтарлықтай басымдығын көрсетеді. Рыжик егумен айналысу – ең бастысы, егістік алқаптарына пайдалы. Ұзақ жылдар бойы шаруалар үшін тек құнбағыс егу қолайлы болды. Ал бұл дақыл жердің құнарлылығын жойып жіберетіндігін барлығымыз жақсы білеміз. Көптеген шаруашылықтар бизнесте қалыспау үшін, тым болмағанда, құнбағыс егуге мәжбүр болды. Біздің шаруашылығымыз да осылай етті. Жеріміз әбден құнарлылығын жойды. Ал рыжик – жер қыртысын пайдалы заттармен байытады.

Аграрлық сала ғалымдарының айтуынша, рыжиктен жақсы бал өнімін алуға да болады. Оның дәндерінен май жасалады. Теңдесі жоқ май қышқылдарының арқасында, бұл май адам денсаулығы үшін өте пайдалы екен. Рыжик майының негізгі құндылығы – оның құрамында май қышқылдарының өте көп мөлшерде болуы, сонымен қатар, бұл майдың артықшылығы – оның құрамында май ыдыратқыш витаминдердің көптігі. Ал, өсімдіктің сабағын, өңдеуден өткізіп, биологиялық отын өндіруде шикізат ретінде пайдалануға болады.

Рыжик жер талғамайды, қара-топырақты, ащы топырақты, құмайт жерлерде де, басқа дақылдар на-



шар өсетін жерлерде өсе береді.

Өзге дақылдармен салыстырғанда, рыжик өсімдіктердің әртүрлі ауруларымен, зиянкестерімен аса көп зақымданбайды. Егістік айналымында рыжикті дөңді және жыртылмалы дақылдардан соң еккен дұрыс.

-Бұл мықты дақыл ерте өсетіндіктен, арамшөпті өсірмейді,- дейді М. Қоңыров. -Біз тіпті, химиялық отау да жасаған жоқпыз. Тек, тұқымды сеуіп, өнімді жинап алдық. Осылайша, рыжикті егуге құнбағыс пен бидай егуге қарағанда, әлдеқайда аз шығын шығардық. Сонымен қатар, біз экологиялық таза өнім алдық деп ойлаймын.

Егін шаруашылығын әртараптандыру қажет

Өткен жылы шетел инвесторларының XXVIII пленарлық отырысы кеңесінде сөйлеген сөзінде Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Аграрлық сектор әзірге экономикалық өсімнің және экономиканы әртараптандырудың драйвері бола қойған жоқ. Соңғы 5 жылда өнімдер импорты 45 пайызға өсіп, жылына 4 миллиард долларды құрап отыр. Тұтынылатын ірімшік пен құс етінің жартысы, шұжық өнімдері мен сары майдың 40 пайыздан астамы импортталады. Осының бәрін ел ішінде өндіре аламыз. Инвестиция салуға дайын жандар үшін кепілдендірілген өткізу нарығы бар.

Өңдеуші сектордың дамуы үшін де зор әлеует бар. Мысалы, бүгінде бидайдың жалпы көлемінің тек 1 пайызы ғана макарон өнімдері өндірісіне бағытталады. Қазақстан өзінің брендтік өнімдері өндірісі мен экспортын едәуір кеңейте алады», - деген еді.

Осылайша, мемлекет Басшысы қазақстандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерді монодақылдардан гөрі, егін шаруашылығын әртараптандырумен шұғылдандуға шақырды. Қарапайым сөзбен айтқанда, тек дәстүрлі – бидай және құнбағыс сияқты дақылдарды ғана егіп қоймай, егістік алқаптарына әртүрлі дақылдарды егуге, азық-түлік саласындағы шетелдік тауарларды алмастыруға болатын дақылдарды да егу қажеттігін айтты. «Боран» шаруа қожалығында бұл үндеу айтылмас бұрын, аталмыш жұмыстар қолға алына бастаған.

-Президент Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Үкіметке жәрдемқаржы беру жүйесін қайта қарауды тапсырғаны дұрыс болды,- дейді Марат Құмарбекұлы. - Мен Жолдау мәтінімен мұқият таныстым. Ол: «Өңірлік және индустриялық даму бағдарламаларының шығындарын қайта қарау қажет. Мемлекеттік шығындар мен субсидиялар жүйесін де қайта қараған жөн. Бүгінде бүтіндей бір салалар мемлекет есебінен өмір сүруде. Сонымен бірге, мәселен, «ҚазАгро» корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қолдау құралдары бүкіл ауылшаруашылық тауар өндірушілердің тең жартысы үшін қолжетімді емес», деп атап өтті. Және мұнымен келіспеуге болмай-

ды. Өйткені, біреу егін егіп, оны күтіп баптап, жақсы өнім алады, жаңа дақылдарды енгізеді және т.с.с., ал әр гектарға жәрдемқаржы бөлу кезінде, ешқандай егін екпей, алқаптарды тек арамшөпке толтырған шаруамен бірдей жәрдемқаржы алады. Бұдан былай шаруалар еңбегінің нәтижесін көру үшін жұмыс істейтін болады. Өйткені, оларға алған өніміне қарай жәрдемқаржы бөлінеді. Мұнда әрине, жалған мәлімет беруге болмайды. Алдағы уақытта жәрдемқаржы көлемі нақты белгіленіп, тиімді жүзеге асырылады деп үміттенеміз. Біздің міндетіміз – мемлекеттің мұндай қолдауын мүмкіндігінше ақтау.

«Жайлау» бағдарламасы бойынша

«Боран» ШҚ-ның мұндай мүмкіндігі бар. Ең бастысы – «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшары таратылған соң, бұрынғы №1 бөлімшенің басқарушысы болған, Мараттың әкесі, Құмарбек Қоңыровтың тұсында құрылған және сол уақыттан бері сақталған ұйымшыл, еңбекқор ұжым бар. Еңбек ұжымының құрамында тәжірибелі комбайншы Бауыржан Тұрғымбаев, механизаторлар – Талғат Күлбакиев, Лұқбек Елдар, сауыншы – Фарида Қадырова, малшы – Болат Жүнісов, қойшы – Какаша Күлбакиев, жүргізушілер – Болатхан Жүнісов пен Борис Эрдман,



келді. Оның есесіне, шаруашылық үшін ыңғайлы бағыт – қой өсіруді қолға алды. Өйткені, бұл саланы қолдауға бағытталған «Жайлау» бағдарламасы берген мүмкіндіктерді пайдалануға болады.

-Бұл - фермерлер үшін өте тиімді бағдарлама,- дейді М. Қоңыров. -Ол тек мал басын көбейтуге ықпал етіп қана қоймайды, селекциялық жұмыстарды дамытуға, мал тұқымын жақсартуға да мүмкіндік береді. Мысалы, біз жобаға қатысушы ретінде 100 бас қойды несиені ретінде алдық. Бұл үшін біз ешқандай кепілдік қойған жоқпыз. Несиені алған соң, алғашқы екі жыл – «каникул» ретінде беріледі. Бұл уақытта ештеңе қайтарудың қажеті жоқ. Онан соң, үш жыл қатарынан «Ертіс» АӨК бағдарламасының операторына жасы 18 айдан асқан 25 қойдан қайтарып отырамыз. Несиені ресімдегеннен кейінгі бесінші жылда ғана біз оны толық өтеуге тиіспіз: үш-бес жасар 100 қой береміз



токарь – Виктор Кеда, слесарь-механик Иван Шульгин және басқалар еңбек етуде. Мараттың інісі Самат та таптырмас көмекші, әрдайым ақыл-кеңесімен өндірістік тәжірибесімен анасы Шынар Табылдықызы Әлхамова да қолдау көрсетіп отырады. Сонымен қатар, шаруашылық басшысы аудандық ауылшаруашылық бөліміндегі тәжірибелі мамандар Мырзауали Қабанұлы Жақитовпен және Рақымғали Қалаубайұлы Байгереевпен кеңесіп отырады.

Қолданыстағы 750 гектар жыртылмалы жерді өңдеу үшін қажетті техникалардың барлығы: қуатты «Кировец», екі шынжыр табанды ДТ-75, үш доңғалақты тракторлар, екі комбайн бар. Айта кетерлік жайт, биылғы жылы егілген рыжикті орғанда, жиналған өнімді төкпей-шашпай жеткізу үшін, аталмыш комбайндардың бункерлерін қолайландырып, пайдаланды. Автомобильдердің қораптарын да герметикпен бекітті. Ал, көктемде рыжикті себу үшін, Зырян ауданындағы әріптестерінен арнайы агрегатты уақытша пайдалануға сұрап алды.



Тіпті, екіжылдық «каникул» кезінде қой басын екі есеге арттырып алуға болады.

Қой бағумен Какаша Күлбакиев, оның зайыбы Гүлнар және ұлы Талғат шұғылданады.

**Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.**

ФЕМИДА БЮРОСЫ

Жаңартылған қылмыстық заңнама бойынша алғашқы жылдың нәтижелері

Қазақстан Республикасының қолданыстағы жаңа Қылмыстық Кодексі (бұдан әрі қарай Кодекс) 03.07.2014ж. №226-V Қазақстан Республикасының Заңымен қабылданып, 01.01.2015ж. бастап қолданысқа енгізілді.

Кодекстің құрылымына тоқталатын болсақ, ол Жалпы және Ерекше болып екіге бөлінген. Жалпы бөлік 7-бөлімге бөлінген 98 баптан, ал Ерекше бөлік 18 тарау 99-баптан бастап, 466-бапқа дейінгі нормаларды қамтиды.

Кодекстің басты мақсаттарының бірі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға қатысты ізгілік нормаларын кеңінен қолдану болса, ауыр және аса ауыр қылмыс санаттарына байланысты жазаларды қатаңдату.

Кодекстің 39-бабының 2-бөлігінде атап көрсетілгендей жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауының алдын-алу мақсатында қолданылады, жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Кодекстің жаңа нормаларын қолдануға қатысты Катонқарағай аудандық сотының тәжірибесіне тоқталатын болсақ, көлік құралын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқарғаны не көлік құралын басқаруды осындай адамға бергені, сол сияқты осындай адамның көлік құралын басқаруына лауазымды адам немесе көлік құралы меншік иесіне иеленушісі жол берсе, (346-баптың 1-бөлігі) белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жыл мерзімге айыра отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы көзделген. Осы санаттағы қылмыстық теріс қылық туралы 2015 жыл көлемінде. Катонқарағай аудандық соты 3 адамға қатысты 3 іс қарады.

Сот үкімімен сотталушыларға негізгі жазамен қоса, көлік құралын басқару құқығынан үш жыл мерзімге айыру түріндегі қосымша жаза да қоса тағайындалды.

Бұл жерде көлікті масаң күйде басқарған адамның өзіне ғана емес, жол қозғалысына қатысушылардың басқа қатысушыларына айтарлықтай қауіп төндіретіні кімге де болса белгілі. Бұрын осындай әрекет үшін әкімшілік жауапкершілік көзделсе, енді ол қылмыстық теріс қылықтар қатарына енгізіліп отыр, яғни, бұрынғы әрекетінен қорытынды шығармаған адам қылмыстық кодекстің талаптарымен жауапкершілікте болады.

Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау (340-баптың 1-2 бөліктері) Үй маңындағы, саяжай мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталардан басқа, орман

қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, сол сияқты орман дақылдарын, орман питомниктері мен плантацияларындағы егілген, не отырғызылған көшеттерді, сондай-ақ, ормандарды молықтыру мен орман өсіруге арналған алаңдарда өзі өсіп шыққан шыбықтарды, өскіндерді не қолдан отырғызылған екпелерді жою немесе зақымдау.

2. Орман қорына кіретін ағаштарды және бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау. Осы санаттағы қылмыстық теріс қылық туралы 2015 жылы көлемінде. Катонқарағай аудандық сотымен 2 адамға қатысты 2 іс қаралды.

- Билік өкілінің заңды талабына немесе өкіміне бағынбау (379 бабы) 2015 жылы көлемінде. Катонқарағай аудандық сотымен 1 адамға қатысты 1 іс қаралды

- Байланыс желілері мен құрылыстарын, сондай-ақ мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзету қағидаларын бұзу санаттағы қылмыстық теріс қылық туралы (398 бабы) 2015 жылы көлемінде. Катонқарағай аудандық соты 1 адамға қатысты 1 іс қарады.

Сонымен қатар, Кодекстің 68-бабының 1-бөлігінде көрсетілген тараптардың татуласуларына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері де кеңейтілген. Ол бойынша қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам егер жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Бұл норма бойынша осы санаттағы қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамның бұрын сотталғандығы ескерілмейді. 2015 жылы осындай негізбен 13 қылмыстық іс бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатыла отырып, іс өндірістен тоқтатылды. Бұл жағдай қылмыстық заңды ізгілендіруге бағытталған нормалардың жүзеге асырылуын дәлелдейді.

Кодекстің бірқатар жаңа нормаларына тоқталдық. Жаңа қылмыстық заңның басты мақсаты - әрекетті қылмыстық сипаттан арылту ғана емес, керісінше кейбір құқықбұзушылықтардың жекелеген түрлеріне қылмыстық сипат беру, қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыс және қылмыстық теріс қылық деп жаңа критерийлер бойынша жіктеу және санатқа бөлу болып табылады. Сол арқылы ҚР Президентінің 24.08.2009ж. №858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасында» көрсетілген талаптар жүзеге асырылуда. Сөйтіп еліміз ратификацияланған халықаралық шарттарға қылмыстық заң нормалары сәйкестендірілді.

Катонқарағай аудандық сотының баспасөз қызметі.

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ



Еліміздің мемлекеттік органдарында электрондық технологияларды енгізу, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 16 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпарат инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» атты №573 Жарлығы негізінде жүзеге асты. ҚР Президентінің Жарлығы негізінде мемлекеттік органдарда ақпараттық жүйелер жасау жұмысы одан әрі жандана түсті. ҚР Предидентінің Жарлығын орындауда Қазақстан Республикасының Сот органдары да шеткері қалмады.

2003 жылдың 9 желтоқсанында Қазақстан Республикасының сот органдарының біріңғай автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесі (ҚР СО БААТЖ) бағдарламасы дайындалып бекітілген болатын. Атаған бағдарлама 2007 жылы ҚР 378 сотына енгізілді. БА-АТЖ бағдарламасы сот органының жұмысын әлде қайда жетілдіре түсті. Мәселен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты интернет ресурсы арқылы сот актілерін көруге қол жеткізіп, сот жұмысы құжат айналымы толығымен бақылауға алынды.

Келесі бір сот органының жұмысын жетілдіне түскен бағдарлама ол сот процесін аудио-бейнежазбаға түсіру. Бұл технология сот мәжілісі хатшыларының жұмысын әлде қайда жеңілдеті түсті. Бұл технология тек қана хатшы жұмысын жеңілдеті қоймай, сот процесінің тәртібін ретке, судьялардың жұмысына одан

әрі қатаң тәртіпке келтіруге орасан зор әсер етті. Өйткені, сот процесіне қатысушы әрбір тараптың, сот органы қызметкерінің айтылған сөзі, істеген әрбір қимылына дейін бейнекамераға жазылып сақталады.

Сот органына жаңадан еңгізілген келесі технология - ол бейне конференциялық байланыс. Бұл технология Қазақстан Республикасының әрбір аумағында орналасқан соттармен байланыс жасауға мүмкіндік береді. Мәселен түрлі жиналыстар мен «дөңгелек үстелдер», тренингтер мен семинарлық сабақтарға қатысуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сот жүйесі мен пошта арасындағы тапсырыстық хаттардың электронды түрде жіберілетіні және хат алушыға хаттың тапсырылғанды бағдарлама арқылы бақылауы енгізілді. Бұл жүйенің пошта шығындарын үнемдеуге өте тиімді болды.

Қазақстан Республикасының сот органдарына IT технологияларының енгізілуі сот жүйесінің жұмысын жандандырып, жақсарты түскені бәріне мәлім. Дегенмен, адам күші ол осы технологияларды қозғаушы, одан әрі нығайтушы болып табылады. Сондықтан, сот жүйесінің қызметкерлері, жоғарғы білікті мамандар екендігіне ешкімнің күмәні жоқ.

**Ж. Хамитов,
№2 аудандық сотының бас
маманы сот отырысының
хатшысы.**

ТІЛ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Мемлекеттік тіл - тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез-келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Өнұраны, шекарасы болатыны секілді, мемлекеттік тілі де болады. Конституцияда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп, ал орыс тілін – ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп көрсетілген. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адамдар тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем. Тіл байлығын игеру-ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Қазіргі таңда ұлты қазақ бола тұра, қазақ тілін дұрыс білмейтін азаматтардың бары рас. Ана тілін жақсы білу әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Бүгінгі күні еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Тілге деген көзқарас, шындықта келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» - деген болатұғын. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз- Қазақстан! Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлеуге тиіспіз.

**№2 аудандық сотының
баспасөз қызметі.**

МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ

Елімізде даулы мәселені оңтайлы шешудің баламалы тәжірибесі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы қабылданған болатын.

Осы Заң Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Медиация жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сонымен қатар онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша

қылмыстық, азаматтық сот ісін жүргізу барысында дауларды тараптардың біржақты келісімімен медиациялық келісім шарт жасалып, жүзеге асырылады. Осыған орай, биыл 2015 жыл бойында Катонқарағай ауданының №2 аудандық сотымен 8 іс, 13 әкімшілік іс, 60 азаматтық іс бойынша тараптар өзара келісіп, медиатордың қатысуымен келісім-шарт жасасқан. Медиатор көмегіне жүгіну арқылы шешілген даулар адамдардың бір-біріне сенімділігінің жоғарылағанын көрсетеді.

**А. Мұқамәдиева,
№2 аудандық сотының сот
мәжілісінің хатшысы.**

АУДАНДЫҚ ӘЗІЛКЕШТЕР САЙЫСЫ ӨТТІ

Таяуда аудандық Жастар орталығы мен Жас Отан жастар қанатының ұйымдастыруымен Катонқарағай ауылдық Мәдениет үйінде аудандық «Жайдарман» көңілділер мен тапқырлар (КВН) ойындары өтті.

Бүгінде қазақ тілді КВН немесе «Жайдарман» - жастарымыздың қызығып ойнайтын, көрермендердің тамсана қызықтайтын ойынына айналды. Сахна мәдениеті мен шеберлігі, ән мен би, бет қимылы (мимика), сөйлеу мәнері, ой ұшқырлығы, тапқырлық сияқты өнер атаулының түрлі жанрларын қамтитын аталмыш ойын шығармашыл жастардың шеберліктерін жетілдіре түсіп отырғанын көрсетеді. Оның үстіне, КВН жастардың ойында қоғамдық дұрыс пікір қалыптастырып, заманынан қалыспай даму арқылы өмірде өз орнын таба білуге баулитыны тағы бар.

Ойынға Катонқарағай, Ақсу, Малонарым, Аққайнар Өрел мен Жамбыл ауылдарының командалары қатысты.

Жастар қалжындарының дені әдеттегідей, қоғамдағы түйткіл мәселелерге арналды. Олар салауатты өмір салтын ұстану, мемлекеттік тілді дамыту, өз елінің патриоты болу қажеттігін астарлы, әрі орынды қалжындармен жеткізді.

Тартысты өткен бәсекенің нәтижесінде үшінші орынды Малонарым ауылының «МК» командасы (Солоновка ауылдық округі) еншілесө, екінші орынға – ақсулық «АқсуМафия» командасы табан тіреді, ал бірінші орынды Катонқарағай ауылы Ленин атындағы орта мектебінің тәжірибелі командасы «35-тер» жеңіп алды. Сонымен қатар, жекелей аталымдар бойынша да команда ойыншылары марапатталды. Мәселен, «Үздік ойыншы» болып ақсулық Өмір Оқапов танылса, «Үздік капитан» - Мақсат Манешев (Катонқарағай), «Үздік киім үлгісі» аталымында малонарымдық әзілкештер марапатталды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылар атынан әзірленген арнайы грамоталар мен естелік сыйлықтарға ие болды.

ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ

Өскемен қаласында «Біздің №1» атты XV жастар форумы өтті.

Форумға облысымыздың аудандары мен қалаларының белсенді жастары қатысты. Биылғы жастар форумы Вена балы форматында өткізіліп, жастар бастамаларына қолдау көрсету және жас көшбасшыларды мадақтауды мақсат тұтты. Облыс орталығында өткен аталмыш шараға біздің ауданымыздың белсенді жастарының бірі - аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жетекші маманы Алмас Нұрсейітов пен аудандық Мәдениет үйінің қызметкері Наргүл Нұрғазиева қатысып келді.

- Біз мұндай ауқымды шараға алғаш рет қатысып келдік. Облыс жастарының басын қосқан форум әлі күнге дейін көз алдымызда, есте қаларлық көптеген қызықты сәттерді басымыздан өткердік, - деп бөлісті қуанышымен Наргүл. - Бұрыннан таныс достарымыз бен әріптестерімізді кездестірдік. Сонымен қатар, республикамызға мәдениет пен өнер саласында танылған жас өнерпаздармен танысуға мүмкіндік алдық. Жастар форумы аясында «Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қосқан үлесі үшін» облысымыздағы бірқатар белсенді жастарға Алғыс хаттар табысталды. Соңынан концерттік бағдарламаның куәгері болдық. Бір сөзбен айтқанда, аталмыш шараға қатысқанымызға біз өте қуаныштымыз және болашақта дәл осындай шаралардың өз ауданымызда да өтуін қалаймыз, - дейді Алмас.



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР-ТРЕНИНГ



Жастарымыздың азаматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық болмысының қалыптасуына қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау, олардың қоғамдық игі бастамаларын, шығармашылығын қолдау және ынталандыру, халықаралық мәдени, ғылыми және білім беру үрдістеріне тартуда жастар ісі жөніндегі құрылымдардың рөлін нығайтуға көмек көрсету өте маңызды екені белгілі.

Осы орайда, таяуда аудандық Жастар орталығы жұмысының ұйымдастыруымен ауылдық округтер бойынша жастар ісі жөніндегі мамандардың біліктіліктерін жетілдіруге арналған «Жастар мәселелерімен айналысатын қызметкерлердің «Кәсіби достық» ретіндегі рөлін зерттеу» атты семинар-тренинг өтті.

Аталмыш іс-шараға ауылдық округтердегі Жастар ісімен айналысатын мамандар және ұйымдастырушылар қатысты. Семинар барысында қатысушылар жастармен тиімді жұмысты өткізу тақырыбында қызықты мағлұматтар алуға мүмкіндік алды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы 2015 жылдың 9 ақпанындағы Заңына сәйкес жастардың өзін-өзі басқаруы тұлғалық және кәсіби өсу, қоғамда ойдағыдай әлеуметтену, өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасау жөніндегі жастар қызметін ұйымдастыру нысаны болып табылады. Сондықтан, аталған семинар-тренингті өткізу Жастар ісі жөніндегі комитеттердің тұрақты дамуына септігін тигізе білді деп ойлаймыз.

Материалдарды даярлаған: Тимур СМАҒҰЛОВ, аудандық Жастар орталығының маманы.

Келешекке кемел біліммен

Семей қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің жеткен жетістігі мұндағы озық нәтиже заманауи тұрғыдағы білім берудің нәтижесімен тығыз байланыстыруға болады. Нақты ғылымдарға негізделген зияткерлік мектептің негізгі ұстанымы «болатын баланың бетін қақпай, белін буатынымен» ерекшеленеді. Мұнда ынтасы мен зейіні, алғырлығы алдыңғы орында тұратын оқушы үшін барлық жағдай жасалған. Мәселен білім ордасындағы кабинеттер оқытуға қажетті заманауи құралдармен қамтылған. Ғылым, экономика және саясат саласында дарынды балаларды дайындайтын мектептің бағалау жүйесі де ерекше. Білім ұясында «критериалды бағалау» жүйесі енгізілген. Ол екі негізгі құрамнан – қалыптастырушы және жинақтаушы бағалаудан тұрады. Осының негізінде мұғалімдер өз шәкірттерінің білім деңгейін кезек-кезеңмен кешенді түрде бақылап отыруға мүмкіндік бар. Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры Бағдан Қайыржановтың айтуынша, бұл жүйе жақын жылдары еліміздегі оқу орындарында іске асырылуы ықтимал.

Сонымен қатар мұнда шет тілдерін үйренуге қолайлы жағдай жасалған. Оқушылар Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Сингапур сынды елдерге білімін жетілдіру мақсатында арнайы курстарға жіберіледі. Сондай –ақ мектеп ұстаздары да өз білімдерін жетілдіріп, кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік бар.

Осындай оң табыстарына ой жүгіртсек, мектептің аз жыл ішінде тәжірибелі, білікті ұстаздардың оқушы қабілетін ұштаудағы ұшан-теңіз еңбек еткенін аңғару қиын емес. Мектеп бойынша өткен оқу жылында 687 оқушының 132-і – оқу озаты. 503 оқушы оқу екпіндісі. Ал түлектерге келер болсақ 83 оқушының 37-і Назарбаев университетінің студенті атанды. 6

түлек Корея, Гонконг, Финляндия, Ресей оқу орындарының рейтингі жоғары оқу орындарының грантын жеңіп алды. 40-ы Қазақстанның ұлттық университеттерінің студенті атанды, - деп атап өткен Бағдан Тоқтамысұлы өз түлектерінің барлық пән бойынша жоғары көрсеткішке жеткенін айта келіп, алдағы жылы 12-ші сынып оқушыларынан да осындай нәтиже күтетінін айтты.

Назарбаев зияткерлік мектебінде оқу ғана емес, оқушының тұлға болып қалыптасуы, жан-жақты дамуы мен денсаулығын сақтауға бағытталған үйірмелер жұмыс істеуде. Оқу үдерісі толық күндік болғандықтан оқушыларды тамақтандыру қарастырылған.

– Біз оқушыларды 7 сыныптан бастап конкурс арқылы қабылдаймыз. Бұл ретте біз Американың Джон Хопкинс атындағы университетінің дарынды оқушыларды таңдап алуда қолданатын әдісіне жүгінеміз. Байқау іріктеуі 2 бөлімнен тұрады. Соған сәйкес үміткерлер 2 күн ішінде қазақ, орыс, ағылшын тілі, математика пәндерінен және қабілеттерін анықтаудан арнайы емтихан тапсырады. Сынақ тапсырмалары Голландия мен АҚШ-тан әкелінеді. Олар емтихан күні балалардың көзінше ашылады. Тест нәтижелері осы мемлекеттерде тексеріледі. Оның нәтижелері бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің комиссиясы мектепке түскен оқушылардың тізімін анықтайды. Әдетте жыл сайын конкурсқа құжат қабылдау ақпан айына дейін жүргізіледі.

Мектепке түскен оқушылар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің - Елбасының «Өркен» білім беру грантының иегері атанып, халықаралық дейгейде тегін білім алады.

Ал рейтингі жақсы, бірақ бізге түсе алмаған үміткерлер, қосалқы резервте

тұрады. Орын босай қалған тұста, оларды жоғарыда аталған комиссия оқуға қабылдайды - дейді Бағдан Тоқтамысұлы.

Бірегей білім кешенінде 150-ге жуық ұстаз еңбек етеді және шет елдерден келген 20 жуық халықаралық мұғалім арнайы келісім – шарт негізінде жұмыс істейді. Мектепте оқу үш тілде жүргізіледі, жоғары сыныптарда бейінді пәндер ағылшын тілінде оқытылады.

Зияткерлік мектептің жеткен жетістіктерінде аз емес. Мысалы Әділғазы Семейғазин Испанияның Барселона қаласында өткен XX11 халықаралық «Зияткерлік марафон-2013» олимпиадасында екінші дәрежелі диплом, 2015 жығы Президенттік олимпиадаға қатысып биология пәні бойынша алтын медаль иегері атанып, қазіргі уақытта Назарбаев университетінің студенті. Тағы бір мектеп оқушысы Тенгиз Ибраев республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының ұйымдастырмен өткен физика пәні бойынша республикалық олимпиадаға қатысып екінші орын алса, Томск политехникалық университеті ұйымдастырған бүкілресейлік зияткерлік конкурсында бірінші орынға ие болған.

Биыл Алматы қаласында XI халықаралық Жәутіков олимпиадасында Данияр Амантаев физика пәнінен қола жүлдегер атаныпты. Оған әлемнің 15 елінен 58 команда қатысқан. Бұған қоса Данияр 2014 жылы Сербияның астанасы – Белград қаласында ғылым негіздерінен өткен халықаралық олимпиадада екінші дәрежелі дипломмен марапатталған. Сонымен қатар мектеп оқушылары ғылым негіздерінен халықаралық олимпиадаларда бірнеше жыл қатарынан жеңімпаз болып, аталған олимпиадаларды ұйымдастырушы УРФОДУ ұйымының бағалауы бойынша соңғы екі жыл бойы халықаралық ең үздік олимпиада командасы атанды.

Сол сияқты өзгеде білім, өнер және

спорт сайыстарында мектеп шәкірттері тек үздіктер қатарынан көрінуде. Бұған қоса білім ордасында қайырымдылық шараларды өткізуден тыс емес. Бұл ретте зияткерлік мектептің бас-тамасымен қолға алынған «Ізгілік шапағаты» атты көпкүндік инклюзивті әлеуметтік жобаның маңызы зор. Өткен жылы оқушылар ұйымдастырған қайырымдылық шаралардың нәтижесінде 260 мың теңгеден астам қаржы жиналып, ол қамқорлыққа алынған 5 балаға табыс етіліпті. Тағыда бір айта кетерлігі келер жылы Семей қаласында жаңадан салынған Назарбаев зияткерлік мектебі қолданысқа берілмек. Оның жанынан 120 оқушыға шақталған жатақхана бой көтереді. Ауылдан келіп мектепке түскен оқушылар тегін жатақханамен қамтамасыз етіледі. Сондықтан аудан және ауыл мектептеріне оқып жатқан қаншама дарынды, талантты оқушылар Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсу үшін бақтарын сынаса, оған ұстаздары мен ата-аналары қолдау білдірсе нұр үстіне нұр болар еді дейді мектеп басшылығы.

– Біз жаһандық қоғамның болашақ азаматтарын тәрбиелеп отырымыз, біз шәкірттерімізді өзге елдің мамандарымен иық тіресе алатындай дәрежеге дейін жеткізуге күш саламыз. Олар шетел азаматтарымен бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Біз шәкірттерімізге үш тілде білім беру арқылы олардың бойындағы көшбасшылық қабілетті арттыруға ден қойып отырымыз, - дейді Бағдан Қайыржанов.

Сөз соңында айтарымыз мектеп оқушылары жаһандық қоғамның бәсекеге қабілетті азаматтары болып қалыптасуы үшін денсаулық жауапкершілік, құрмет, адалдық, жаһандық азаматтық, өмір бойы оқу құндылықтарын негізге алған оқу орны туралы толық ақпаратты Семей қаласы Ш.Қабылбаев көшесі, 32 немесе 8 (7222) 53- 24- 33 телефоны арқылы білуге болады.

Жақсылық МҰРАТҚАЛИҰЛЫ.

Мектеп өмірі

Өнерлі өрге жүзер



Сайысқа жоғары сынып оқушылары түгелдей қатысты. Сайысты Ақнұрдың өзі жүргізді. Сахна төріне шыққан мұғалімдер мен оқушылардың өнерлері өте тамаша нәтиже көрсетіп, көрермендердің қошаметіне ие болды.

Тұла бойы өнерге тұнып тұрған Ақнұрмен бұрыннан таныс болғанымызбен, көзбен көргенде, таңдай қағып, таң қалғанымызды жасырмаймыз. Мектепке келген бойда ұжыммен тез арада тіл табысып, өз жұмысына белсене араласып кеткен Ақнұрмен жұбайы Русланды мектеп ұжымы да, ауылдастары да жылы жүзбен қабылдап, етене араласып кетті. Оның ақжарқындылығы, бауырмалдылығы, ең бастысы - білімділігі мен өнері баршаны таң қалдырды. Сахна төріне шығатын балаларға әп-сәтте киім тігіп шығара қойған кезде, бейне бір фабрикадан шығарып алып келгендей дерсің. Өзінің үйірмесіне қатысатын биші қыздарға тіккен қазақ қызының киімдері көздің жауын алады.

Ақнұр жетекшілік еткен «Домбыра», «Би» үйірмесі балаларының өнерін көрген ата-аналардың қуаныштарында шек жоқ. Аз уақыт ішінде мың бұрала би билеп, домбыраның құлағында ойнап тұрған оқушыларымыз жүрегімізді жылытып, бойымызды елітуде. Өртүрлі мерекелер қарсаңында ауыл тұрғындарына ерекше көңіл-күй сыйлап, дем алуларына мүмкіндік болуда.

Таяуда Ақнұр сынып жетекшілігі жоқ мұғалімдерге жоғары сынып оқушыларын бөліп, «Жеті жұлдыз» сайысын ұйымдастырды.

Ақнұрдың қонақжайлылығына да куә болып үлгердік. Аяулы жар, сүйікті ана бола білген Ақнұр жұбайы Руслан, ұлдары Алан, қыздары Айланамен бақытты отбасын құрып отыр. Бірбіріне қолдау көрсетіп, әзілдесіп, ойнап-күліп, өмірлерін көңілді, қызықты да, мағыналы ете білген осы жұпқа сүйсіне қарап, тіл көзден сақтасын демекпіз.

Оқу-тәрбие жұмысын қатар алып жүрген Ақнұрдың балалармен, ата-аналармен, ұжыммен етене жақын араласа жүріп, нәтижелі еңбектенуі көз қуантады. Спорттық ойындар, мәдениет үйінің әлемденуі, би кештері, домбыра, гитара тарту, ән айту, ертеңгіліктер, кештер, «Үздік сынып жетекші» сайысы, «Үздік қар қалашығы», апталықтар осындай жұмыстардың барлығына ұйымдастырушы бола білетін Ақнұрдың бойына осыншама жақсы қасиеттерді дарытқан ата-анасы - Оралбек аға мен, Жақыт апай.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», демекші, осыншама өнерді бағындырған Ақнұрды әлі талай биік белестердің күтіп тұрғанына сенімдіміз.

Жанар Бөленханова,
Аршаты орта мектебінің
мұғалімі.

БОЛАШАҒЫМЫЗ ӨРКЕНДЕУ БЕРМЕК

Ақсу орта мектебінде таяуда мерекелік шара өтті. Республикалық біріңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау мерекесі



мектептің аға тәлімгері Дюсупова Әсмә Сайпышқызының ұйымдастыруымен өткізілді. Мерекенің мақсаты «Жас ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу еді.

Мерекелік шара мектептің оқу ісінің меңгерушісі Ғалия Шабанбайқызының құттықтауымен басталды. Ол кісі мектеп ұжымы мен оқушыларды құттықтай келе, Тәуелсіз Қазақстан және мемлекетіміздің тұңғыш Президентінің қазақ халқы үшін атқарған ерен еңбегіне тоқталды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның жас азаматтарына арнап үн қатты: «Білімді, еңбекқор болуға дағдыланыңдар. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Біз жасап жатқан реформалардың барлығы болашақ үшін, сендер үшін» деген еді. Осындай мерекелік саптузеулерді көре отырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызының артып келе жатқанына қуанатынын тілге

тиек етті. Мерекені мектептегі «Ақ орда» балалар ұйымының мүшелері Қаракөз бен Динара жүргізіп, оқушылар Президентіміздің мәртебесін көтеретін өлеңдер мен әндер орындады. Осыдан кейін 1 сынып оқушылары «Жас қыран» тобының атын қабылдап, оларға мектеп түлектері төс белгілерін қадады.

Келесі кезекте 5-сыныптың оқу үздіктері мен екпінділері «Жас ұлан» тобына қабылданды, олардың мойындарына мектеп ұстаздары аспан түстес галстуктер байлады. Жас жеткіншектерді бүгінгі қуаныштарымен мектептің аға тәлімгері Әсмә Сайпышқызы құттықтап, алдағы уақытта бүгінгі қабылдаған анттарына сай білімдерімен биік белестерден көрінулеріне тілек білдіре отырып, бүгінгі «Жас қыран», «Жас ұлан» тобына енген әр жеткіншектің адамгершілік мұраты биік патриот, жігерлі азамат болатынына сенім білдірді.

Ұйымға қабылданған оқушылардың жүзінен қуаныш, мақтаныш лебі сезіліп тұрды. Әсіресе, 1-сынып оқушылары төсбелгілерін мақтанышпен ұстап көрумен болды. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар ғана мәңгі. Біздің тірегіміз - тәуелсіздік, тілегіміз - тұрақтылық, білегіміз - бірлік!» деген болатын. Бүгінгі өткен шара Президенттің осы сөзімен ұштасып жатқандай. Мемлекетіміздің болашағы - бүгінгі жас ұрпақтың тәрбиесіне тікелей тәуелді.

Мерекелік шарадан күллі қазақ елі мақтан тұтар Президентіміздің саясатымен біздің болашағымыздың өркендей беретініне сеніммен тарадық.

Дина Елтайқызы,
Ақсу орта мектебінің мұғалімі.

КӨҢІЛДІЛЕР МЕН ТАПҚЫРЛАР ОЙЫНЫ

«Зорлықсыз балалық шақ» республикалық акциясының аясында аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйытқы болуымен Чернова орта мектебінде Катонқарағай өңірінің мектеп оқушылары арасында «Жаңа ғасырдағы бала құқығы» тақырыбында көңілділер мен тапқырлар клубының кезекті ойыны өткізілді. Ойынға Жамбыл, Өрел, Еңбек, Шыңғыстай, Чернова, Рыков атындағы, Ленин атындағы орта мектептердің және Қызыл-Жұлдыз негізгі орта мектебінің топтары қатысып, көрермен қауымға ерекше ойын өрнегін көрсетті.

Төрт кезеңнен тұратын ойында балалар өздерінің құқық пен заңға байланысты білімдерін, біліктіліктерін сарапқа салды.

Көңілділер мен тапқырлар клубының ойынына келген өрендердің қай-қайсысы болса да, өздерінің өнерлерімен тәнті еткенін айтып өту ләзім. Әсіресе, Еңбек орта мектебінен келген «Күнтімес» тобы ұландарының ойынын көрермен қауым талай уақытқа дейін әңгіме ғып айта жүрері анық.

Жан-жақтан келген балаларды күтіп алып, орналастырып, тамақтандыруға мектеп ұжымы аяқтарынан тік тұрып қызмет еткенін де сөз арасында айтып өткен жөн.

Құрамында №2 аудандық сот төрағасы Әли Асқар

Мұхамеджанұлы, аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің маманы Ибраимова Гүлмира Амангелдіқызы, аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы Түгелбаева Қымбат, Ақжайнар ауылдық округі әкімшілігінің маманы Құрманов Серікқан Әлпешұлы бар әділқазылар алқасы екі сағатқа созылған қызықты ойында бағалап, нағыз көңілділер мен тапқырлардың кімдер екенін анықтап берді.

Орта мектептердің оқушыларынан қалыспай, өзіндік шеберліктерін көрсеткен Қызыл-Жұлдыз негізгі орта мектебінің тобы бас жүлдеге ие болды. Ойын алаңының иелері Чернова орта мектебінің оқушылары бірінші орынға табан тіреді. Шыңғыстай мен Рыков атындағы орта мектеп ойыншылары екінші және үшінші орындарды бөлісті. Ойынға қатысқан қалған топтар да арнайы аталымдармен марапатталды.

Ойын болған соң, жеңімпаз да, кейін қалушы да болары сөзсіз. Сөйтсе де, бұл ойын соңында жеңіске жеткен достық пен бірлік болды деген оймен тарқастық.

Арай Рахымжанова,
Чернова орта мектебі
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.

Әкелер сайысы әсерлі өтті



Әке - отбасының асыраушысы, тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы.

Бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше. Алайда, көптеген ер азаматтар бала тәрбиелеудің негізгі жауапкершілігін анамен тең дәрежеде мойнына алмай жатады. Психологтардың зерттеуі бойынша, егер әкелер балаларымен тығыз байланыста болып, тәрбиелеу міндетінің жүктемесін мойындарына алатын болса, анаға қарағанда тигізетін әсері басым болатынын айтады.

Отбасындағы әке тәрбиесінің рөлін арттырып, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайта түсу мақсатында Садық

Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебінде "Әке-асқар тау" тақырыбында сайыс ұйымдастырылды. Әкелі-балалы болып, бәйгеге түскен сайыскерлер бар өнерлерін ортаға салып, өз өнерлерімен, шеберліктерімен көрерменді тәнті етті. Бір отбасы ән-жыр сайысында алдына жан салмаса, енді біреуі қамшы өруде, енді біреуі салт-дәстүр бойынша сұрақтарға жауап

беруде ешкімге дес бермеді. Шын жүйріктердің ішінде ерекше көзге түскен Қасым мен әкесі Ерболатты, Әли мен әкесі Мұратты, Әлібек пен әкесі Асланды айрықша атап өтуге болады. Өз құттықтау сөзінде мектеп директоры Күршімбаева Ғалия мұндай іс-шаралардың маңыздылығына тоқтала отырып, жеңімпаздарды мадақтамамен марапаттады. Әр сынып өз сайыскерлеріне жанкүйер болып қана қоймай, бағалы сыйлықтарын табыс етті. Көрермендер тарапынан да жақсы тілектер айтылып жатты. Осыған қарап, аталмыш іс-шараның әсерлі өткенін айтуға болады.

Меруерт Кінәзбаева,
мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.



Балалар әлемі

ҚЫС КҮНІ

Жапалақтап ала қар
Жауды күнде қайталап,
Қырға шықты балалар,
Шаңғыларын арқалап.

Жұлдыз болып ағамыз
Ақ мамықтың үстімен.
Біз спортшы боламыз,
Үлгі аламыз күштіден.

Қуаныштың бүгінгі
Басырмайды ыстығы.
Жылдамырақ жүруді
Үйретеді қыс күні!

Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады, қатады
Жып жылтыр боп
жатады.



Аңыз ертегі



Ертеде бірін хан, екіншісін сұлтан билеген көрші екі ел тату-тәтті өмір сүріпті. Олар бір-біріне қыз беріп, қыз алысып, түрлі сыйлықтар алмасып тұрыпты. Күндердің күнінде сұлтан көрші елдің ханына бір-бірінен айырғысыз үш қуыршақ жіберіпті. Бірақ сыйлықтардың көлемі де, түрі де, салмақтары да бірдей болғанымен, құны әртүрлі екен. Оның біреуі мүлдем арзан, екіншісі одан қымбат, ал үшіншісі алғашқы екі қуыршақтан он есе қымбат. Сұлтан осы үш қуыршақтың сырын ашып, жұмбақтың шешуін тауып беруді өтінеді.

Хан бұл сыйлықтың сырын өзі аша алмаған соң қол астындағы бүкіл елге «Кімде кім осы сыйлықтың құпиясын ашып берсе, соған мол сыйлық беріп өзіме уәзір етіп аламын» деп жар салады. Мұны естіген жұрт хан сарайына ағыла бастайды. Біреулер сыйлыққа қызығады, енді бірі жұмбақтың шешуін тауып, абыройға ие болғысы келеді. Бірақ ешкім де қуыршақты бір-бірінен ажыратып бере алмайды.

Топ халықтың ішінде жасы 14 - 16 шамасындағы кедей қызы бар екен. Ол бағанадан бері барлық істі қадағалап тұрған болатын. Оның бір нәрсе айтқысы келіп тұрғанын байқап қалған хан ортаға шақырып, қуыршақтың сырын ашып беруін сұрайды.

- Дат, тақсыр! Егер рұқсат етсеңіз, бұл сыйлықтың құпиясын ашып берер едім, - дейді қыз.

Хан рұқсат еткеннен кейін қыз қуыршақты қарап шығып, үшеуінің құлақтарындағы тесіктерді байқайды. Ол қолына жіңішке сым алып, бірінші қуыршақтың құлағына жүгіртіп еді сым кідірместен аузынан шығады. Екіншісінің құлағынан жүгірткен сым екінші құлағынан шығады. Ал үшінші қуыршақтың қай құлағынан сым жүгіртсе де сыртқа шықпайды. Сөйтіп, жас қыз жиналған көпшілік алдында қуыршақтардың құпиясын ашып, әрқайсысының құны неге әр түрлі екендігін айтып береді.

Ал, балақай, бір сәт өзің ойлап көрші, көлемі, салмағы, түрі бірдей қуыршақтардың құны неге әртүрлі?

45 минуттың қызықтары

Мұғалім:
- Табиғаттың негізгі төрт элементін ата! - деді.
Оқушы:
- Жер, ауа, от...
Мұғалім:
- Енді біреуі қандай? Білмейсің бе? Тамақтың алдында қолыңды немен жуасың?
Оқушы:
- Таптым, сабынмен!

Мұғалім:
- Қатты зат килограммен, сұйық зат литрмен өлшенеді. Ал арақашықтық немен өлшенеді? - деді.
Оқушы:
- Сызғышпен деді оқушы.

Мұғалім:
- Сәбит, үйге қандай тапсырма берілді, айта қойшы?

Оқушы:
- Мамамның базарына "Кубанка" деген бөрік түссе хабарла дегенсіз.

Мұғалім тақтаға шақырар кезде біреуі микроинфаркт алып, екіншісі жаратқанға жалбарынып, үшіншісі үй тапсырмасының жартысын жаттап үлгереді екен.

Мұғалім:
- Абзалбеков тақтаға шық та, үшбұрыш сал!
Оқушы:
- Үшбұрыш сыздым мұғалім.
Мұғалім:
- Ал енді мұның үшбұрыш екенін қалай дәлелдейсің?
Оқушы:
- Аллах куә мұғалім, үшбұрыш салдым.

Жұмбақтар

Шелек қалпақ басында,
Сәбіз екен танауы.
Қыста қардан туатын,
Тауып көрші, сен оны.(.....)

Қуып едім-мойнын бұрмады,
Ұстайын деп едім-қолға тұрмады. (.....)

Шыққанда шығыны жоқ,
Жауса жауын бүйірі тоқ,
Қыста жылтыр қақ болар,
Түртінектеп тынымы жоқ. (.....)

Құлағы мен көзі жоқ,
Жоқ тіпті қол мен аяғы.
Бірақ ғажап өнерпаз,
Мәнерлеп ою ояды. (.....)

Жаңылтпаштар

Жапалақтап қаптап ақ қар жауды,
Алқапты аппақ ақ қар жапты.

Қанар қаптарды қаптап артар,
Шанақ арбаны аттар тартар.

Қанат қанағаттанарлық баға алды,
Қанағат қанағаттанарлықсыз баға алды.

Ықылас пен Ыбырай
Ыдыстарын тасымай,
Ырысқұлден үлгі алмай,
Ынтасыз жүртілді алмай.



ҚЫСҚА СӨЗЖҰМБАҚ

	1	2	3	4	5	6	7	8
1								
2								
3								
4								
5								
6								
7								
8								

СОЛДАН ОҢҒА

- 1-Суға батып кеткен алып кеме
- 2-Даңқ / Мезгіл
- 3-Жұп пен... / «Канал» қазақша
- 4-Көзге киілетін зат
- 5-Дәптерге түсетін жол
- 6-«...гөз» өзені / Географиялық карталар жинағы
- 7-Атамекен / Немесе
- 8-Дін / Жыланның қаруы

ЖОҒАРЫДАН ТӨМЕНГЕ

- 1-Темірді не басады? / Үнді көйлегі
- 2-Астанасы Рим
- 3-Ерлердің жеңіл бас киімі / ... іші — алтын бесік.
- 4-Түс / ...құла
- 5-Өсімдікке қажетті қоректік.
- 6-«Уылдырық» орысша / Нота
- 7-Шуақты ... / Өзірбайжан астанасы
- 8-Қонақ бөлме / Нота

СУРЕТКЕ ТАҚЫРЫП ТАП

Балалар, мына суретке қарап, әдемі тақырып табыңдар. Тіпті, бір-екі шумақ өлең арнасаңдар да болады. Сәтті шыққан тақырыптарды газет бетінде жариялайтын боламыз.



Бетті даярлаған: Жанар Қасымханова.

ЖОБА**«Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Осы қаулының қосымшасына сәйкес, «Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2.Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ. Байғонұсов,
аудан әкімі.

«Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ереже**1. Жалпы ережелер**

1. «Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан былай – әкім аппараты) жергілікті мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Әкім аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Әкім аппараты ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Әкім аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан қатысады.

5. Әкім аппараты, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Әкім аппараты өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен әкім аппараты басшысының шешімдері, өкімдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Әкім аппаратының құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Әкім аппаратының орналасқан жері: 070908, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Жампеисов көшесі, 19 үй.

9. Әкім аппаратының жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына қарама-қайшы болмауы керек.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: "Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение "Аппарат акима Катон-Карагайского сельского округа Катон-Карагайского района Восточно-Казахстанской области".

11. Мемлекет Катонқарағай ауданының әкімдігі тұлғасында "Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

12. Осы Ереже әкім аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.

13. Әкім аппараты қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

14. Әкім аппараты кәсіпкерлік субъектілері мен әкім аппараты функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер әкім аппаратына заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Әкім аппаратының миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. Әкім аппаратының миссиясы: тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

16. Әкім аппаратының мақсаты ауылдық округ әкімінің ведомстволық қарамағындағы аумақта мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

17. Әкім аппараты қызметінің мәні: ауылдық округ әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

18.Міндеттері:

1) ауылдық округ әкімінің норма шығармашылық қызметін қамтамасыз ету;

2) ауылдық округ әкімінің шешімдерін және өкімдерін қабылдау, оларды тиісті ұйымдар мен азаматтарға уақытылы жеткізу;

3) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерін, облыс және аудан әкімдігінің қаулыларын, облыс және аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін орындауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

4) ауылдық округ әкімінің қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету, қызметтік құжаттарды, азаматтардың өтініштерін қарастыру, келіп түскен құжаттарды талдау, мемлекеттік және басқа тілдердің қызметін қамтамасыз ету, азаматтар қабылдауын ұйымдастыру;

5) ауылдық округ әкімінің қатысуымен өтетін отырыстарды, мәжілістерді, семинарларды өткізуді қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік мекеме әкімшісі болып табылатын аудандық бюджеттік бағдарламаларды бекіту үшін аудан әкімдігінің қарастыруына әзірлеу және енгізуді қамтамасыз ету.

19. Функциялары:

1) заңнамаға сәйкес шарттар жасайды;

2) өз құзыреті шегінде шешімдер мен өкімдер қабылдайды, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне нұсқаулар мен тапсырмалар береді;

3) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады;

4) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі;

5) әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлеп, тиісті мәслихаттың бекітуі үшін жоғары тұрған әкімдіктің қарауына енгізеді;

6) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі;

7) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;

8) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ автомобиль жолдарының пайдаланылуы мен күтіп ұсталуын қамтамасыз етуге көмектеседі;

9) шаруа немесе фермер қожалықтарын дамытуға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі;

10) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

11) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

12) табысы аз адамдарды анықтайды, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізеді, жалғыздікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді;

14) мүгедектерге көмек көрсетуді ұйымдастырады;

15) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады;

16) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

17) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

18) мүгедектерге қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;

19) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

20) ауылдық денсаулық сақтау ұйымын кадрлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

21) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі;

22) қоғамдық көлік қозғалысын ұйымдастырады;

23) шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда ауруларды дәрігерлік көмек көрсететін таяу жердегі денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізіп салуды ұйымдастырады;

24) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

25) шаруашылықтар бойынша есепке алуды жүзеге асырады;

26) жергілікті бюджетті бекіту (нақтылау) кезінде аудан мәслихаты сессияларының жұмысына қатысады;

27) мектепке дейінгі тәрбие беретін және оқытатын ұйымдардың, мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді және осы аталған заңды тұлғалардың мекемелеріне басқарушы орган болып табылады;

28) өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және су пайдалану мәселелерін реттейді;

29) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

30) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

31) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

32) аудан орталығымен көлік қатынасын ұйымдастыру жөнінде аудандық атқарушы органға ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ ауылдық жерде оқушыларды мектепке дейін және кейін қарай тегін жеткізіп салуды ұйымдастырады;

33) мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданады;

34) уәкелілік полиция инспекторларының ерікті көмекшілерінің жұмысын ұйымдастырады;

35) мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді;

36) басқаруына берілген аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүлктік жалға (жалдауға) береді, коммуналдық меншікке төленетін жалдау ақысы, коммуналдық меншікті жекешелендіру ақысы жергілікті ауылдық округ әкімі аппаратының шотына төленеді;

37) берілген коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

38) берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

39) берілген аудандық коммуналдық заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асырады;

40) жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілетін, басқаруына берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін келіседі;

41) берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджеттен қаржыландырылуының жеке жоспарларын бекітеді;

42) кіріс көздерін қалыптастырады;

43) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органда әкімдердің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруына бағытталатын ақшаны есепке жатқызуға арналған, жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотының ашылуын қамтамасыз етеді;

44) бюджет қаражаттарын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша қызметкерлер қабылдайды;

45) жергілікті қоғамдастықтың жиналысында келісілгеннен кейін жергілікті өзін-өзі басқарудың ақша түсімдері мен шығыстары жоспарын бекітеді;

46) елді мекеннің жерлерінде мал жайылымы орындарын белгілейді;

47) елді мекендер аумағында санитарлық тазарту жұмыстарын ұйымдастырады;

48) тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы індеттері туындаған жағдайда, бас ветеринарлық-санитарлық мемлекеттік инспектордыңұсынысымен аймақта карантин немесе шектеу қоятын іс-шаралар белгілеу туралы шешім қабылдайды;

49) тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы ауруларының ошағын жою бойынша ветеринарлық іс-шаралар кешенін өткізгеннен кейін бас ветеринарлық-санитарлық мемлекеттік инспектордыңұсынысына қарай карантин немесе шектеу қоятын іс-шараларын алу туралы шешім қабылдайды;

50) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ветеринарлық пункттерді қызмет бөлмелерімен қамтамасыз етеді;

51) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауылдық округ әкімінің құзырына жатқызылған басқа да сұрақтарды шешеді.

20. Құқықтары мен міндеттері:

Осы ережемен қарастырылған өкілеттілікті іске асыру үшін әкім аппараты:

1) тиісті аумақта басқарудың тиімділігін көтеру жөніндегі сұрақтар бойынша соттарда, мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарда әкімнің, әкім аппараты мүдделерін қорғауға;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды және басқа да материалдарды лауазымды тұлғалардан сұратып алуға;

3) Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі және орталық органдары, облыс, аудан әкімшіліктерінің, әкімдерінің актілері мен тапсырмаларын мерзімінде сапалы орындауға;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын ұстануға.

Әкім аппараты міндеттеріне:

1) әкім аппаратының ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық, талдамалық қызметін жүзеге асыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұрғындарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсету;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын жүзеге асыру, ауданның мемлекеттік органдар жүйесінде кадрлар біліктілігін арттыру;

4) мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалау жөнінде уәкілетті органға тиісті ақпарат ұсыну жатады.

3. Әкім аппаратының қызметін ұйымдастыру

21. Әкім аппаратының басшылықты бірінші басшысы жүзеге асырады және әкім аппараты жүктелген міндеттерді атқару үшін дербес жауап береді.

22. Әкім аппаратының бірінші басшысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Катонқарағай ауданының әкімімен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы лауазымы сайланбалы болып табылады.

23.Әкім аппараты бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Әкім аппараты Ережесін аудан әкімдігіне бекітуге ұсынады;

2) Әкім аппараты қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

3) Әкім аппараты қызметкерлерінің міндеттерін және өкілеттілігін белгілейді;

4) Әкім аппараты қызметкерлерін мадақтайды, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жазалар қолдануды жүзеге асырады;

5) Өз құзыреті шегінде әкім аппаратының барлық қызметкерлерге міндетті өкім шығарады және нұсқаулар береді;

6) Өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттарға қол қояды;

7) ауылдық округ тұрғындарымен бөлек жиындар өткізеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет етеді және дербес жауап береді;

9) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекемені ұсынады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Әкім аппараты бірінші басшысының өкілеттіктерін, ол болмаған кезде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

24. Әкім аппаратымен коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (жергілікті атқару органы) арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

25. Әкім аппараты мен үйлестіретін саласындағы уәкілетті органы (жергілікті атқару органы) арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

26. Әкім аппаратының әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен және ұжымдық шартпен белгіленеді.

4. Әкім аппаратының мүлкі

27. Әкім аппаратының заңнамадан көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Әкім аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

28. Әкім аппаратына бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

29. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, әкім аппаратының өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Әкім аппаратын қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

30. Әкім аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Әкім аппараты қысқартылған (таратылған) кезде несиенгерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншігінде қалады.

Әкім аппаратының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

32. Әкім аппаратының қарамағында мынадай ұйым бар: "Катонқарағай ауылындағы "Айгөлек" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

ЖОБА

Көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындарды анықтау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8, 27-баптарына, «Ішкі сауда ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 қаулысымен бекітілген Ішкі сауда ережесінің 120-тармағына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар анықталсын.
2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ. Байғоңусов.
аудан әкімі.

Катонқарағай аудандық әкімдігі Қаулысының жобасына қосымша.

Көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындар

№ р/с	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Орналасқан орны
1	Үлкен Нарын а/о	1. Үлкен Нарын а., Амангелді к-сі («Бура» базарының маңы) 2. Үлкен Нарын а., Тумашинов к-сі («Даниаль» және «Ет-Мясо» дүкендерінің аралығы)
2	Жамбыл а/о	Жамбыл а., Қайнар к-сі (спорт алаңының маңы)
3	Өрел а/о	1. Өрел а., Қабанбай к-сі №33 2. Аршаты а., Күншығыс к-сі №25 3. Еңбек а., Таңба к-сі №18
4	Солоновка а/о	1. Солоновка а., Советская к-сі («Ләйла» дүкеніне қарама-қарсы) 2. Малонарым а., Советская к-сі (Мәдениет үйіне қарама-қарсы)
5	Катонқарағай а/о	Катонқарағай а., (орталық базардың оңтүстік жағы Топорков к-сі)
6	Солдатово а/о	Солдатово а., Астана к-сі («Калинин» ЖШС-нің аумағы)
7	Алтынбел а/о	Алтынбел а., Тәуелсіздік к-сі («Гүлшат» және «Нұржау» дүкендерінің аралығы)
8	Коробиха а/о	1. Коробиха а., Заречная к-сі («Анастасия» дүкенінің маңы) 2. Барлық а., Абая к-сі, (МҰТП ғимаратының маңы) 3. Үшбұлақ а., (ауылдық клуб ғимаратының маңы)
9	Белқарағай а/о	1. Белқарағай а., Жүнісов к-сі («Алмагүл» дүкенінің маңы) 2. Топқайың а., («Алтынай» дүкенінің маңы)
10	Аққайнар а/о	1. Аққайнар а., Абай к-сі (Мәдениет үйінің маңы) 2. Аққайнар а., Топорков к-сі («Шұғыла» дүкенінің маңы) 3. Қызыл-Жұлдыз а., Абай к-сі (пошта бөлімшесінің маңы) 4. Қайыңды а., Молдағұлова к-сі (ауылдық клуб ғимаратының маңы) 5. Ақмарал а., Маралды к-сі (ауылдық клуб ғимаратының маңы)
11	Новополяковка а/о	1. Новополяковка а., Абай к-сі (мектептің маңы) 2. Сенное а., Тәуелсіздік к-сі (мектептің маңы)
12	Ново-Хайрузовка а/о	Ново-Хайрузовка а., Ленин к-сі («Анар» және «Алмаз» дүкендерінің маңы)
13	Ақсу а/о	Ақсу а., Абай к-сі (көпірдің маңында)

Мереке



ЖАҢАЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚТАР

«Күншуақ» балалар бақшасындағы жаңа жылдық шырша мерекесі бізге өте ұнады.

Б а л а б а қ ш а ғ а кіргеннен, мерекелік шырша орнатылған залға жеткенше, құтты бір ертегілер еліне тап болғандай кейіпке ендік. Ата-ана да, кішкентай бөбегін көруге келген ата мен әже де, іні-қарындасын қызықтаған аға-әпке де осында жиналды. Залға музыка әуенімен кірген балалар мерекенің басты кейіпкері - ортадағы шыршаға мәз-мейрам, ал балабақша қызметкерлері әртүрлі рөлдерді ойнап, бөбектермен бірге шыршаны айланып, көрермендерді қызыққа бөледі.

Менің екі ұлымның осы балабақшаға барғанына екінші жылға аяқ басты. Балабақша әкімшілігі жыл сайын «Жұлдыз» тобының балаларына арнап Аяз атаның тәттілері мен сыйлықтарын ұйымдастырады. Биылғы жылы да біздің балалар гномдардың киімдері мен тәттілерді қуанышпен қабылдады. Жалпы, тілі шықпаған бөбектердің көпшілік алдында өнерлерін көрсетіп, өлең айтып, би билеп, ән айтып жатқаны - барлық ата-ана-

ларды қуантты. Қуанышты балалардың дауыстары мерекенің думанын одан да жоғары көтергендей болды. Бұл сол топта қызмет жасайтын арнайы мамандардың, тәрбиеші апайлардың еңбегі деп айтқым келеді. Үйде еркелеп жүретін балаларымыз көз алдымызда өзгеріп, есейіп қалғандай сезілді. Бұл дегеніңіз, тұйық баланың жеке ерекшелігін ескеріп, қабілетін байқап, соны алға тарта білген, ұйымдастыра білген педагогтардың шеберлігі деп ойлаймыз.

Осы ретте жеке өз атымнан және басқа да ата-аналардың атынан «КҮНШУАҚ» балабақша әкімшілігіне және «Жұлдыз» тобының балалармен жұмыс жасайтын қызметкерлеріне ерекше алғысымызды білдіргім келеді. Жаңа 2016 жыл Сіздер үшін мерекесі көп, берекелі, шығармашыл жыл болсын дейміз!

Бір топ ата-аналар атынан :
Гүлмира
Қорғамбаева.



Ризашылық

Жүрекжарды алғысымды айтамын

Бұл өмірде адамға денсаулықтан қымбат ешнәрсе жоқ екендігін білсем де, оны жаныммен сезінгеніме екі-үш жылдың жүзі болды. Сырқатымнан айығуым үшін уақытында амбулаториялық-емханалық емделуіме және де облысымыз бен Астанадағы емдеу орындарына жолдама мен квота алуыма барлық жағдайларды жасап отырған Катонқарағай ауданаралық ауруханасының бөлім меңгерушісі Маргарита Мұхтарқызы Нұржақыповаға жүрекжарды алғысымды айтамын. Сонымен бірге оны босағамыздан енді ғана аттаған Жаңа жылмен құттықтап, өзіне және отбасына баянды бақыт, молшылық, ұзақ өмір, еңбегіне жеміс тілеймін!

Есболат Раусов,
Маралды ауылы.

ЗТМО хабарлайды

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР МЕН
ЖӘРДЕМАҚЫЛАРДЫҢ КӨТЕРІЛУІ
ТУРАЛЫ

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында жаңа әлеуметтік саясат жайлы мәлімдеді. Мемлекет әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың басым бөлігімен қамтамасыз ету бойынша міндеттемені өз жауапкершілігіне алды. Бұл төлемдерді біздің елімізде 1,5 миллионнан астам азаматтар алады. Осыған байланысты, ШҚО бойынша еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон Комитетінің Департаменті мемлекеттік әлеуметтік төлемдерді 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап көтерді. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақылық төлемдер көлемі инфляцияны ескере отырып, 7% +2%, яғни 9% арттырылды. 2 пайызы жағдайды алдын-ала болжам бойынша қосылды.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап төмендегідей көрсеткіштер белгіленді:

- айлық есептік көрсеткіш (АЕК) - 2121 теңге көлемінде;
- ең төменгі зейнетақы мөлшері - 25824 теңге;
- ең төменгі күнкөріс көрсеткіші - 22859 теңге;
- базалық зейнетақылық төлем - 11965 теңге;
- ең төменгі еңбекақы мөлшері - 22859 теңге;
- жаңадан тағайындалған зейнетақы мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғарғы кіріс мөлшері - 41 АЕК (86961 теңге);
- 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңадан тағайындалатын зейнетақының ең жоғарғы мөлшері - 65221 теңге (41 АЕК-тің 75 пайызы).

Мырзабек Тлеубаев,
аудандық ЗТМО бөлімшесінің бастығы.

Үлкен Нарын ауылының орталығында орналасқан қызмет жасап тұрған дүкен сатылады. Тел. 8705282-42-48; 87719914509.

Аяулы ұлымыз, асқар тауымыз
МЕЙІРЖАН АМАНЖАНҰЛЫНАН қапияда
көз жазып қалғанымызға бір жыл толуына
орай сағынышпен еске аламыз.



Айбарым менің,
Тірегім едің,
Қапыта кеттің көз жұмып.
Жыл толды жылжып,
Арманды мұз ғып,
Тұра алмай қалдым жығылып.
Тәй-тәйлап бастың,
Белестен астың,
Бірі боп жастың,
Жанұя құрып, жар сүйдің,
Ұлды да болдың,
Қызды да болдың,
Тірегі болып бір үйдің.
Артында қалып,
Тағдырға налып,

Қартайған шақта мұң басты,
Өкең мен анаң,
Жарың мен балаң,
Сағынады сені, Мейіржан,
Көл қылып күнде көз жасты.

Еске алушылар: ата-ана-
сы, зайыбы, балалары мен
туған-туысқандары.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры Н.Қ. Қуантаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail.ru	Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 2867 дана: «Арай»-1653, «Луч»-1214. № 7790